

Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2010 жылғы 10 тамыздағы № 31-8 "
Шыңғырлау ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға)
тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 16 сәуірдегі № 2-5 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 18 мамырда № 7-13-158 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 10 қазандағы № 17-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 10.10.2013 № 17-3 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес және Батыс Қазақстан облысы Әділет Департаментінің 2012 жылғы 2 сәуірдегі № 4-1391 ұсынысының негізінде аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2010 жылғы 10 тамыздағы № 31-8 "Шыңғырлау ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-13-131 нөмірмен тіркелген, 2010 жылғы 2 қазандағы аудандық № 39 "Серпін" газетінде жарияланды) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші, алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

"тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар-кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер учаскесін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ құралдарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және тексеруге жұмсалатын шығыстарға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығыстарға жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы төленетін үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері шығыстарының міндетті сомасы,

сондай-ақ болашақта кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекелеген түрлерін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға жұмсалатын жарналар; аз қамтылған отбасылар (азаматтар) - Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй көмегін алуға құқығы бар адамдар.";

2) 2-тармақ алып тасталсын;

3) 5-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"5. Орын толтыратын тұрғын үй көлемінің мөлшері коммуналдық қызметтер және байланыс қызметтерін тұтыну кезде соның ішінде телефон үшін абоненттік төлемдер ұлғаюы, одан басқа кондоминиумның объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге әлде қаражат жинақтауға арналған жарналар, тұрғын-үй жалға пайдаланудағы қарымақысы, тұрғын-үй көлемі фактіге негізделген бір бірлікке тең, бірақ 50 шаршы метрден артық емес мөлшерде белгіленеді."

4) 9-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"9. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) уәкілетті органға өтініш береді және мынадай құжаттарды ұсынылады:

1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;

3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;

4) отбасының табысын растайтын құжаттар. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібін тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті орган белгілейді;

5) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;

6) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;

7) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

8) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот."

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Сессия төрағасы

У. Усманғалиев

Аудандық мәслихат хатшысы

М. Малтиев